

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

22.12.2022 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1. Сарыбаева Ә.Х. - Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент

АК мүшелері:

2. Сарбаева Г.Т. - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент
3. Жылысбаева Г.Н. - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент
4. Берді Д.К. - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы
5. Сарбаева М.Т. - Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы
6. Беласарова Ш.М. - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы
7. Раманкулов Ш.Ж. - Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а.
8. Шектибаев Н.А. - Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
9. Батырбекова А.Ж. - Физика кафедрасы, оқытушы
10. Турганбаева Ж. Н. - Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы
11. Муратбекова М. - Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а.
12. Тойжигитова Б.Б. - Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а.
13. Сейтметова А.М. - Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а.
14. Ниязова Г.Ж. - Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, п.ғ.к., доцент
15. Назарбек Т.С. - Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, оқытушы
16. Ескараева Б.И. - Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы
17. Азретбергенова Ж.Ж. - №23 IT Мектеп-лицейі директоры
18. Орманова Г.К. - ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к.
19. Миндетбаева А. - Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты ғылым жөніндегі директор орынбасары
20. Балтабай Д. 6B01512 - Химия БББ студенті
21. Султанқұл А. 6B01513 - Биология БББ студенті
22. Қанаева Ж. 7M01506 - Физика БББ магистранты
23. Егембердиев Д. 8D01516 - Информатика БББ докторанты
24. Толентаева Ғ. 8D01502 - Математика БББ докторанты
25. Алпысбаева Ф. 6B01573 - Информатика, АКТ және робототехника БББ студенті

Қатыспағандар: - 1

Күн тәртібі:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде, ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылаған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, PhD Н.Шектібаев алды: бірінші мәселе бойынша Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау Бағыты бойынша ББ мазмұнын қайта жобалау тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылады. Семинар барысында ББ мазмұнын жобалаудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дискрепторларды қоса алғанда, маманның құзіреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК мүшесі, академиялық персонал, Сарбаева Г.Т.: екінші мәселе бойынша, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау Бағыты бойынша БББ мазмұнын жобалауда университет тарапынан «ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. ББ мақсаты мен оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау» жайлы ұсыныстарды басшылыққа алдық. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережесіне сай оқыту нәтижелері болуы керек деп көрсетілген, олар:

- 1) Еңбек функцияларына бағдарланған;
- 2) синергияға ие болу, яғни пәндердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар күрделілік пен пәнаралық байланысты ескеру;

- 3) еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған;

- 4) «жұмсақ» дағдыларды қосылған (soft skills) болуы тиіс.

ББ ішкі аудиті барысында түлектердің еңбек функциялары, soft skills дағдылары және еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктері жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелерінде және кәсіби стандарттар негізінде анықталады.

Оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде қолдануға болатын етістіктердің шамамен тізімі берілді:

Білімді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Анықтау, сипаттау, санау, табу, байланыстыру, бекіту, жазу, өлшеу, салыстыру, қайта қарау, алу, анықтау, көрсету, атау.

Түсінуді ашу үшін қолданылатын етістіктер:

Қорытындылау, сипаттау, салыстыру, жіктеу, карама-қайсы қою, түрлендіру, талқылау, ажырату, анықтау, бағалау, түсіндіру, тұжырымдау, мысалдар келтіру, түсіндіру, аудару, білдіру, иллюстрациялау, талқылау, болжау, ұсыну, аудару, таңдау.

Шеберлікті ашу үшін қолданылатын етістіктер пайдалану:

Қолдану, бағалау, өзгерту, таңдау, көрсету, ашу, есептеу, түсіндіру, қалай суреттеу, болжау, пісіру, өндіру, байланыстыру, көрсету, шешу, зерттеу, тексеру, есептеу, құру, өзгерту, жіктеу, тәжірибе жасау, шешім қабылдау.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі ұсынылды.

Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен:

- 1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады:

- a) қазір және болашақта қандай мамандар қажет;

- b) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит).

- 2) кадрлар даярлау нарығын аталдау жүргізіледі:

- a) өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма;

- b) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

Осы негізде осы бағыттағы БББ дайындалды.

АК мүшесі Турганбаева Ж. Н.: үшінші мәселеге Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау Бағыты бойынша Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау мәселесі қарастырылды. ББ мазмұнына біраз өзгерістер жасалынды. Кафедраға қатысты БББ бойынша жіберетін аралық есеп, білім беру бағдарламасына қатысты сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес ББ және университеттегі барлық өзгерістер яғни оқу тәрбие үдерісіндегі ақпаратты қамтиды.

АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.: Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша, келесі оқу жылына білім беру бағдарламамызды жаңарту жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстарды бірігіп жасайық. Бүгінгі мәжілісімізде талқыланған жұмыстар өте көп болды. Пікірлерді ортаға салған АК мүшелеріне алғыс айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық.

Шешім:

- 1.ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын.
- 2.Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалансын.
- 3.Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықталсын.
- 4.2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрайымы:



Ә.Х.Сарыбаева

Хатшысы:



Д.К.Берді